

Мәжіліс хат №1

«Майдантал» жалпы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021 жылы 16 қараша күні отбасы тәрбиесі мен мектептің педагогикалық тәрбиесін біріктіру, мектеп оқушылары арасындағы теріс іс-әрекеттер мен зиянды әдеттен аулақ болу және жол көлік жарақатының алдын-алу мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті..

Қатысқаны: 98

Күн тәртібінде;

1.«Бала тәрбиесіндегі отбасының ролі» баяндамашы Р.Нүрпейісов

2. Өткен оқу жылына талдау, алдағы оқу жылының жоспарымен таныстыру.
Мектеп директоры Қ.Рысбаев

3. Отбасы тәрбиесі мен мектептің педагогикалық тәрбиесін біріктіру, құқық бұзушылықты болдырмау және жол көлік жарақатының алдын-алу. С.Шегенбаев

4. Пандемияға байланысты сақтық шаралары туралы. Қ.Рысбаев

5. ҰБТ дайындық ,ережесімен таныстыру. Д.Смағұлов

1.«Бала тәрбиесіндегі отбасының ролі» тақырыбындағы Р.Нүрпейісовтың баяндамасы тыңдалды.

2.Бірінші және екінші мәселе бойынша мектеп директоры Қ.Рысбаев өткен оқу жылының жетістіктері мен кемшіліктеріне талдау жасады.Қазіргі кездегі жасөспірімдердің арасындағы заң бұзушылық көбейіп кетті. Мектеп психологымен пән мұғалімдері, сынып жетекшілерінің арасындағы байланысты күшейту. Оқушылардың түнде жүрмеуі сынып жетекшілерінің қиын оқушылармен жүргізілетін дәптері болуы тиіс. Жасөспірімдердің арасындағы ұрлық, төбелес, ата-ананың қарауынсыз қалған оқушылардан шығады. Мектеп оқушылары арасында сабақтан жиі қалатын, тәртібі нашар оқушылар арнайы мектепшілік есепке алынып, оларға тәлімгерлер бекітілген.

2.Ата-аналар комитетінің төрағасы Айтпенбетов Т сөз сөйледі. Қазіргі таңда ауыл балаларының тәртібінің әліде болса тыныш, әдептіліктің бар екенін мойындауымыз керек. Ауыл балаларын қызықтыратын спорт үйірмелерін, кітапхана қызметін жақсарту бүгінгі күн талабындағы басты мәселелер. Ата-аналар бос уақытында балаларын мектептегі үйірмеге, спорт секциясына баруын қадағаласа. Сонымен қатар мектепке бару, кешкілік көше тәртібіне ата-аналар басты назар аударса. Әрине ата-аналармен мектепті байланыстыратын бала екеніне дау жоқ. Балалар біздің болашағымыз.

3. Екінші ата-ана Мыңбаева. О . Ата-аналардың көпшілігі бала тәрбиесіне құлықсыз. Мектеп ата-аналар арасындағы қарым-қатынас төмендеп кетті. Басты себептері барлық кінәні мектеп ұжымына сілтеп, өздері судан таза, сүттен ақ болып отыр. Кешкілік бала тәрбиесіне көңіл бөлмейді, кінәні мұғалімдерден іздейді. Мектеп жасындағы балаларға имандылық, ізеттілік

және мұсылмандықты кейбір жақсы қасиеттерін оқушыларға ата-аналар үйде дәріптесе екен. Құрметті ата-аналар өз балаларыңызға тәрбие беру мектептің басты мәселесі емес, көпшіліктің бірлесе атқаратын мәселесі. Бұл балалар ертеңгі біздің айнамыз, әрі болашағымыз.

4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шегенбаев. Қазіргі кездегі жасөспірімдердің арасындағы заң бұзушылық көбейіп кетті. «Майдантал» жалпы орта мектебінде өрескел қылмыс, құқықбұзушылық орын алған жоқ. Құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша мектепішілік жоспар жасалып, сол бойынша жұмыстар атқарылды. Үнемі қадағалау, кешкілік рейд кесте бойынша жүргізіліп отырылды. Ұлдар және қыздар жиналысы айына бір рет өтіліп, ҚІБ –нің қызметкерлерімен және әжелермен кездесу өткізу арқылы құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстары жүргізілуде. Мектеп психологымен пән мұғалімдерді, сынып жетекшілері арасындағы байланысты күшейту. Оқушылардың түнде жүрмеуі сынып жетекшілерінің қиын оқушылармен жүргізілетін дәптері болуы тиіс. Сынып жетекшілер ата-аналармен байланыста болуы, атқарылатын іс-шараларды ата-аналардың көмегіне сүйене отырып жасау керек. Жол көлік жарақатының алдын-алу. Балаларға мектепке келерде және қайтарда жол ережесін сақтауды екі жақты үнемі ескертіп отыру міндетіміз. Оқушылар жаяу жүргінші жолымен жүруі тиіс.

5. ҰБТ бойынша Смағұлов Дархан 2021-2022 оқу жылындағы атқарылатын жұмыстар мен іс-шаралардың жүргізілумен таныстырды.

6. «Майдантал» жалпы орта мектебінің директоры Рысбаев Қуаныш пандемияға байланысты оқушыларға маскалық режимді қатаң сақтауды ата-аналарға ескертті. Қазақстанның болашағы тәрбиелеп отырған балаларымыз.

Қаулы етеді:

1. «Бала тәрбиесіндегі отбасының ролі» тақырыбында оқылған баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Әрбір сынып жетекшілері мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту жүктелсін.

3. Сабақтан тыс уақытта оқушылар ата-аналардың жауапкершілігіне жүктелсін.

4. Ауыл әкімшілігі мен мектептің ер мұғалімдерінен құралған жасакшылар кешкілік рейдтерге шығуын, жергілікті учаскелік полицияға жүктелсін.

5. Ата-аналар тәрбие сағаттары мен мұғалімдерінің сабақтарына енуіне, тығыз қарым-қатынастарды жақсарту ата-аналар комитетінің төрағасы Әйтпенбетов Тұрғанбайға жүктелсін.

6. ҰБТ бойынша оқушылардың дайындығын ата-аналармен бірлесе отырып жұмыстар жүргізілсін.

7. Маскалық режимнің қатаң сақталуын үнемі ескертіп отырылсын.

8. Жол көлік жарақаты және өрт қауіпсіздігінің алдын алуда екі жақты үнемі ескертіп отыру талап етілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Қ.Рысбаев

А.Сәрсенбаева.



Хаттама № 4

«Майдантал жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылы 23 мамыр күні сағ 11:00 де «Баланың бас ұстазы-ата ана» тақырыбында жалпы ата аналар жиналысы болып өтті.

Жиналыстың мақсаты: Оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, Мектеп-ата ана қарым қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының өзара толықтай іс-қимылын қамтамасыз ету. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, түнде беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

Қатысушылар : Майдантал ауылдық округі әкімшілігі қызметкері Саргелтаев А , Әжелер кеңесінің төрайымы Мыңбаева О, Ата аналар комитетінің төрағасы Әйтпенбетов Т Мектеп директоры Рысбаев Қ, ДТЖО Шегенбаев С, Р.Айтова, Педагог психолог Нүрпейіс Р, сынып жетекшілер. Ата-ана - 83 , **Барлығы - 107**

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Ата аналар комитетінің жылдық жұмыстарын қорытындылау .
2. Оқушылардың жазғы сауықтыру демалыс лагерін ұйымдастыру.
3. Мектеп бітірушілердің ҰБТ –ға дайындығы
4. 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға есеп
5. Кезектегі мәселелер

Барысы: Алғашқы сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шегенбаев оқушыларға қатысушы қонақтарды таныстырудан бастады Ата аналар комитетінің төрағасы Т.Әйтпенбетов 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстармен таныстырып өтті. Ата аналар тарапынан болған қолдаулар, түрлі сайыстарға атсалысқан ата аналарды атап өтті. Қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашақорлық ,есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында құқықтық тәлім тәрбие беруге арналған. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай тұрғандығы ғана сол бесіктің ырғағынан жаңыла бастағанынан хабар беретін тәрізді.

Бірінші мәселе бойынша Мектеп директоры Қ.Рысбаевқасөз берілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес ата-аналардың , оқушылардың міндеттерін түсіндіріп, баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру , сабақтан тыс уақытта жауапкершілік ата-ананың мойнында екенін айтып өтті. Жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашақорлық, есірткінің , темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын-алу барысында біршама жұмыстардың атқарылып жатқаны белгілі, әлі де алдын-алу жұмыстары жүргізіле береді. Оқушылардың мектептегі басты мақсаты тәрбие мен білім алу, сабақтан тыс уақытта барлық жауапкершілік ата-анаға құзыретінде. Алайда ата анамен тығыз байланыста болу сынып жетекшінің міндеті , мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері оқушыларға түнде көшеде жүрмеуін, ата ана қатысуынсыз таулы аймақтарға, суға шомылуға бармауын үнемі ескертіп , түсіндіріп, түсінгендігі туралы қол қойдырып отырады. Елімізде дамуына үлес

қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздардың негізгі міндеті болып саналады. Ең бастысы рухани тоқыраудан сақтаныңыздар. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс-деген сөздерін жадымыздан шығармауымыз керек. Сондықтан да оқушының жеке тұлғасын дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып тұр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету, іздену жанашыл үрдістерге көңіл бөліп, бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан балаға ата-ана тарапынан көп қадағалаулар болу керек. Тәрбие мәселесі қай кезде оңай болмағанын ойласақ, қазіргі кезде бұған екі, үш есе жауапкершілік қажет- деп атап өте отырып, ата анасын алдап мектепке кеттім деп, қылмыс жасау ұрлық жасау, бір-бірін қорқытып тонау жайында көптеген мысалдар келтірілді. Оқушыларымыздың жаман әдеттерден аулақ болуын, мұндай әрекетке барғанда жауапкершілікке тартылатынын ескертті. Тек тәртіп пен білім алуға ұмтылу керек. Педагог-психолог Р.Нүрпейіс, З.Шораева құқықбұзушылықтың алдын алу, бала тәрбиесі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ата-аналар оқушыларға тренинг өткізді. Жарыс сөзге шыққан әжелер кеңесінің төрайымы О.Мыңбаева жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша ата-аналар балаларына көбірек түсіндіру керектігін, жастар арасындағы құқықбұзушылыққа жол бермеу үшін мектеп пен тығыз байланыста жұмыс жасау керектігін және ата-аналар жиналысына түгел қатысып, бала тәрбиесінде жауапкершілік болу керек екендігін айтты.

ДТЖО С.Шегенбаев 2021-2022 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Сауран ауданы ҚІБ ЖПК бөлімімен біріккен жоспар бойынша кездесулер рейд жұмыстары жүргізілді. Діни экстремизм терроризмге қарсы заңнамалардың жүзеге асырылуы барысында дінтанушы мамандармен кездесулер өтті. Мектеп оқушылары арасында әлеуметтік теңсіздікті болдырмау мақсатында бірінғай мектеп формасының киілуі қадағаланды. Ұлдар және қыздарға зиянды әдеттерден аулақ болу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың жазғы сауықтыру демалыс лагерін ұйымдастыру барысында мектеп жанынан тамақсыз 1-4 сыныптар арасында 3 топ 60 оқушыны қамтуды жоспарлап отырмыз. Қала сыртындағы демалыс сауықтыру лагеріне 10 оқушыға сұраныс берілді. Қорытынды сөзді мектеп директоры Қ.Рысбаев алып, жазғы демалыс уақытында оқушыларға сақ болуды, жол ережесін қатаң сақтау, көшеде бей уақытта жүрмеуін, демалыс кезінде ата-ананың, мұғалімнің қадағалауынсыз серуенге, суға түсуге болмайтынын айта келе мектеп ережесін сақтап тәртіпке бағыну керектігін айтты. Ата-аналар комитетінің құрамы: Төраға- Т.Айтпенбетов, мүшелері Д.Абуова, М.Науанов хатшы А.Сәрсенбаева

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ата-аналар комитеті құрамының 2021-2022 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың тәртібін қадағалау, балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік жасау ата-аналарға ұсынылсын.
3. Түнгі және беймезгіл уақытта балалардың көшеге шықпауын қадағалау ата-аналарға жүктелсін және учаскелік полициямен бірлескен кешкілік рейдте қадағалансын.

4. Жазғы сауықтыру демалыс лагерін ұйымдастыру және өтілуіне жауапкершілік сынып жетекшілерімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Шегенбаев пен Р.Айтоваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы

Хатшы



Қ.Рысбаев

М.Абдраманова

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру»

Тамыз айында 1-11 сынып жетекшілері мен бірлесе отырып тәрбие ісі дәстүрін қалыптастыру жайында жиналыс өткізілді. Жиналыста сынып жетекшілеріне белгіленген әдістемелік бірлестік жетекшілері ұсынылды және «Майдантал» жалпы орта мектебі ұжымының педагогикалық кеңесінде бекітілді.

Сынып жетекшілер бірлестігі

1-4 сыныптарға Байбатырова Т

5-9 сыныптарға Әйнекова А

10-11 сыныптарға Сәрсенбаева А

сыныптарға әр бір сынып жетекшілерінде тәрбие жұмыстары түзіліп бекітілген. Мектеп ұстанған тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, көкірегінде ұлттық сана-сезімі оянған, өзіндік рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбеккер, іскер, бойында өзге игі қасиеттері мол қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу.

Ұрпақ – еліміздің, ұлтымыздың болашағы. Мектепте жұмыс істеп отырған түлек моделін негізге ала отырып, бүгінгі күні алдымызда отырған балалардың дені, жаны сау тұлғаның моделін қалыптастырудағы отбасы тәрбиесінің әрекеті мен ұстанымын айқындау – үлкен мәселе екендігі қалыпты жағдай.

Осы мәселені көтере отырып, 2021-2022 оқу жылында мектепте ата-аналар комитетінің құрамы жасақталып, өзара келісумен белгілі топтарға шоғырланып, әр топ өз алдына мақсат-міндеттерді айшықтай отырып, жоспар бекітілді.

- Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасы Білім және Ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген тәрбие тұжырымдамасы 8 бағыты басшылыққа алынған.
- 1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.
- 2. Рухани адамгершілік тәрбиесі.
- 3. Ұлттық тәрбие.
- 4. Отбасы тәрбиесі.
- 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

- 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

«Майдантал» жалпы орта мектебінде 1.09.2021 жылы «1-қыркүйек Білім күніне» арналған «**Кел балалар, оқылық**» тақырыбымен «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны өткізіліп, Барлық сыныпта «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында білім сабағы өткізілді.

2021 жылдың 15 қыркүйек күні дарынды балаларды анықтау, өнерін бағалау мақсатында ұйымдастырған «Жас өнерпаздар» фестивалы Сауран жалпы орта мектебінде өткізілді. Жалпы фестиваль ВИА және эстрада, Би жанры, Халық аспаптар ұжымы, Патриоттық ән жанрлары бойынша құрылған I сынып оқушысы Полат Арман «Атамекен» әнін нақышына келтіре орындады. 4 сынып оқушысы Бақыт «Ақ құс» өлеңімен көпшілік көңілінен шықты. 4 сынып оқушыларынан құрылған «Шұғыла» би тобының «Қазақша ломбада» биі көрермендерді тәнті етті. «Жастар биі» күйін орындаған 4 сынып оқушысы Оразхан Хансұлтан ерекше көзге түсті. Фестивальді қорытындылаған әділқазылар алқасы осындай іс-шаралар таланттарды көбейтіп, өнерлі өрендерге болашақ жол ашатынын атап айтты.

«Майдантал» жалпы орта мектебінде 06-25 қыркүйек аралығында «Мемлекеттік тіл Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» екенінін насихаттау мақсатында «Ана тілім-айбарым, желкілде көк байрағым» тақырыбында онкүндік апталық іс шара өткізіліді. Үш тіл мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қабырға газеттерінің көрмесі жасалды. «Тілге құрмет-елге құрмет» зияткерлік ойынын қазақ тілі мұғалімі Бердібекова Рабиға 6-сынып оқушыларымен өткізді. Оқушылардың дайындығы жоғары болды. «Пушкин оқулары» тақырыбында 2-11 сынып оқушылары аралығында сайыс ұйымдастырылды. «Туған тілім-мөлдіреген тұнығым» оқушылар арасында жыр мұшайрасы өткізіліп, 11 сынып оқушысы Полат Арман облыстық «Ақберен» жыр сайысына жолдама алды. Онкүндік соңында қорытынды кеш ұйымдастырылып, оқушылар марапатталды.

Мектебімізде қыркүйектің 25 –де көпке үлгілі болған ардагер Кенші, әнші, салауатты өмір салтын ұстанушы Жеңіс Берікқарамен кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесуге қарияның достары, ауыл ақсақалдары қонаққа келді. Жеңіс ағамыз ұзақ жылдар бойы өмір жолында кеудесіне тас қойып, маңдайымен жаңғақ шағып, әрдайым салауатты өмір салтын насихаттап жүретінінін оқушыларға үлгі екені баршамызға мәлім. Кездесу кешімізді мектеп директоры Қ.Рысбаев ашып берді. Қарияның өнеге толы тұстарын әңгімеледі. Өнерлі оқушылар әндерін нақышына келтіріп орындады. Қарияның достары

естеліктерімен бөлісті. Оқушыларға тәрбиесі мол, тағылымды кеш болды. Кездесу соңында мектептегі отбасы төмен, көпбалалы үйден шыққан оқушыларға өзінің сый-сияпатын жасады.

Мектебімізде 1-қазан қарттар күніне орай оқушылардың бойына үлкенді сыйлап, құрметтей білуге қайырымды болуға тәрбиелеу мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылды. 9 сынып жетекшісі Өтегенов Нұржанның басшылық жасауымен ауылымыздың қариясы жалғыз басты ана Палымша апаның үйіне көмек жасалды. Ұл балалар сыртқы жұмыстарына, қыз балалар ішкі жұмыстарына қолғабыс етті. «Қарттарымыз-қазынамыз» тақырыбында он саусағынан өнер тамған, ардагер ұстазымыз Аблаева Күләш апамыздан сұхбат алынды. Апамыз өз жұмысының қыр сырымен оқушыларды таныстырып, әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Қыз бала болашақ ана екенін ескерсек осындай игі шаралардың берер тәлім тәрбиесі көп.

Мектебімізде қазан айының 4-де «Ұстаздар мерекесі» аталып өтілді. Мейрам барысында «Ұстазым бар сенің қасиетің» тақырыбында 7-9 сынып оқушылар арасында эссе жазылды.

Сынып оқушылары ватсап желісінде ұстаздарын құттықтап жылы лебіздерін білдірді. 5-11 сынып оқушылары «Ұстаздар – асыл жандар» атты ұстаздарға арналған концерттік бағдарламасын дайындады. Концерт барысында оқушылар өздерінің жүрек түкпірінен шыққан өлеңдерін оқып, билерін биледі. Мәнерлеп өлең оқыды. Бағдарлама соңында мектеп директоры сөз сөйлеп ұстаздарға деген құттықтауын жеткізді. Алдағы күндеріне сәттілік, шығармашылық табыстар тіледі. Отбасы адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып жетілдірсе, мектеп ақылы мен білімі толықсыған өмір сүруге бейім, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Ал мектептегі басты тұлға-ұстаз екенін естен шығармауымыз керек деп сөзін түйіндеді.

Мектебімізде қазан айының 12-30 күндері арасында «Аяулы күз-алтын күз» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Оқушыларға күз айының ерекшеліктерін, алтын күздің адамға берер пайдасы туралы және табиғатты сүю, аялауға тәрбиелеу мақсатында түрлі жұмыстар жүргізілді. 7 сынып қыздары арасында «Қош келдің, Алтын күз!» тақырыбында Ал, қанекей қыздар сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты: өз ойларын, өнерін ортаға салып көрсете білуге үйрету, шеберлікке, іскерлікке бейімдеу, баулу. Сайысқа оқушылар жан жақты дайындықпен келген. Арнайы әділ қазылар алқасы құрылып, оқушылар марапатталды. Бастауыш сынып оқушылары арасында

«Күз сыйы» тақырыбында сурет, колөнер көрмесі жасалынды. Онда оқушылардың үздік туындылары, кол өнер бұйымдары

қойылды. Жаксы ат салысқан оқушылардың ата аналарына мақтау қағаздары таратылды. Мәнерлеп оқудан оқушылар сайысы өткізілді. Іс шара соңында қорытынды жасалып, оқушылар марапатталды.


«Майдантал жалпы орта мектебінде 29 қараша мен 15 желтоқсан аралығында қазақ халқының басынан кешкен қиындықтарымен күресі-бүгінгі күннің жемісі екенін отаншылдық қасиеттерін дамыту, тәуелсіздік жолында күрескендердің ерлігін оқушы бойына сіңіру мақсатында ауқымды іс-шара ұйымдастырды. 29 қараша желтоқсан күні іс-шараның ашылуы болып өтті. Баяндама оқылды. Оқушыларға іс-шараның барысы түсіндірілді. Түрлі жарыстардың қорытындысы болып, арнайы марапаттар бар екені жарияланды. Тәуелсіздік тақырыбында тәрбие сағаттар, ашық сабақтар өткізілді. Қазақ тілі пәні мұғалімдері шығарма, эссе, ой толғаулар арқылы оқушылардың ой өрісін кеңейтті. Ардагер ұстаздарға ашық хаттар, құттықтау тілектер жолданды. Тарих пәні бірлестігімен қосымша педагогтың ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік шежіресі» атты деректі фильмдер көрсетілді. «Тәуелсіз елдің ұландары» Республикалық бірінғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқушыларды қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. «Гүлдене бер, менің Қазақстаным» тақырыбында балалардың шығармашылық жұмысынан суреттер көрмесі жасалынды. Технолгия пәні мұғалімдері «Тәуелсіздік-бабам берген аманат» бұрышына колөнер шеберлерінің туындыларын қойды. Кітапханашы М. Мұхтарбек кітап көрмесін ұйымдастырды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» тақырыбында түрлі іс-шаралары болып өтті. Онда 1-4 сынып оқушылары түгел қамтылды. Мәнерлеп оқу, көркемсурет көрмесі, ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры» тақырыптық қабырға газеттері, буклеттер қойылды. Қорытынды жасалынды. 25 желтоқсан күні жалпы оқушыларды марапаттау ұйымдастырылды.

Құқықбұзушылықтың алдын-алу

«Майдантал» жалпы орта мектебінде 2021-2022 оқу жылында оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу барысында жоспар түзіліп, бекітілді. Жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

- ҚІБ-де мектепішілік есепте оқушылар жоқ болғандықтан қиынға бейім оқушылар тізімін алып, олармен жұмыс жүргізілуде /педагог-психолог, сынып жетекшілер/
- Құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша ұлдар және қыздармен жұмыс жоспары түзіліп, айына бір рет жиналыс өтіліп тұрды. Жиналыс барысында оқушылардың сабаққа қатысуы, құқықбұзушылықтың алдын алу заң аясында баяндамалар оқылып, хаттама түзіліп отырылады.
- Жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау және алдын-алу мақсатында Сауран ауданы учаскелік инспекторымен рейд жұмыстарын жүргізді .
- Мобильдік мүшелері рейд жұмыстарының қорытындысын хабарлап мәлімет беріледі.
- Сынып жиналысы, тәрбие сағаттары өтілуде.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



С.Шегенбаев